

ЖСН/ТОО
«Алтын бесік 1» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі: *А.Т. Бейсебаева* Бейсебаева А.Т.

Ертеңгілік:

**«Қош келдің,
ЖАҢА ЖЫЛ!»**

*Орта «Ертөстік» тобы
Тәрбиеші: Қасымжан С.О.*

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Құрметті қонақтар, ата-аналар! Сіздерді жаңа жыл мерекелеріңізбен шын жүректен құтықтаймыз! Баршаңызға денсаулық, жұмыстарыңызға табыс, өмірлеріңізге шаттық тілейміз. Жаңа жылдық мерекемізді ашық деп жариялай отырып, ортаға «Ертөстік» тобының бүлдіршіндерін әуен ырғағымен қарсы алыңыздар.

Тәрбиеші: Қыс қызығы тамаша
Ойнаймыз біз таласа
Думанымыз жалғассын
Жаңа жылға тамаша!

Санжар: Жаңа жылда жол болсын!
Бексұлтан: Әрбір үйде той болсын!
Аңсар: Берекелі жыл болсын!
Дарын: Ақ дастарқан мол болсын!

Хор: Жаңа жыл құтты болсын!

Тәрбиеші: Нұрландырып маңайды
Шырша шамы жағылсын
Жаңа жылдың құрметіне
Ақ тілектер ағылсын!
Ал балалар, қанекей шырша шамын бірге жағайық, бірақ біз мұны жаға алмайды екенбіз, себебі бізге Аяз атаның сиқырлы таяғы керек сол үшін біз Аяз атаны шақырайық

Нұрай: Аяз ата келе ме?
Бізге сыйлық бере ме?

Айбике: Әрине, ата келеді
Бізге көп сыйлық береді
(Осы кезде музыка әуенімен билей басып түлкі келеді).

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін
Тұнып тұрған күлкімін
Бұлғаң, бұлғаң құйрығым
Текке өтпейді бір күнім
Аяз ата мұнда келмейді
Сендерге сыйлық бермейді.

Балалар: Қалайша Аяз ата неге келмейді?

Түлкі: Себебі Аяз аталарың адасып кетті,
Сендерді таба алмай
Үйіне қайтып кетті.

Тәрбиеші: Бұл қалай болды, думанымыз Аяз атасыз қалай өтпек?

Түлкі: Жарайды, мен асығыспын кетейін Аяз аталарыңның сыйлықтарын
өзім алып алайын (билей басып кетеді)

Тәрбиеші: Балалар, уайымдамандар. Аяз атамыз келеді, бізге сыйлық береді.
Бұл түлкінің кезекті бір қулығы болар. Мұның артында бір шикілік бар
сияқты.

Ит: Балақайлар мен ескі жыл иесі итпін. Ит адамның досы демекші мен
сендерге көмектесейін. Аяз атаны тауып ертіп келейін.

Тәрбиеші: Жарайды
(Тың- тыңдап) балалар, Аяз атамыз келе жатқанға ұқсайды. Қардың
сықырлаған даусы естіледі.

Балалар: Иә, естіп тұрмыз.

Тәрбиеші: Енді қарап тұрмайық адасып кеткен Аяз атамыз бізді тез тауып
алу үшін бәріміз бірге дауыстап
Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық!

Балалар: Аяз ата, келіңіз!
Шыршамызды көріңіз!

Аяз ата: Амансың ба, ұлдарым,
Амансың ба, қыздарым
Қандай әсем жүздерің
Қандай мөлдір көздерің
Керемет бір ән тыңдап
Келіп тұр-ау демалғым.
Мына шыршаларың жанбапты ғой. Ааа білдім білдім менің сыйқырлы
таяғымның күші керек екен ғой.
Шырша, шырша, шамдарыңды жарқырат,
Би билейміз айнала, балаларды таңырқат.

Тәрбиеші: Қандай керемет! Балалар ескі жылға өкпеміз жоқ, ит бізге тағы
көмектесті бірақ итпен қоштасатын кез келді. Ит жылы денімізге саулық,
елімізге тыныштық, жұмысымызға табыс алып келді. Үлкен рахметімізді айта
отырып, ескі жылымызды шығарып салайық.

Ит: Сау болыңдар балақайлар! Келесі кездескенше.

Тәрбиеші: Жаңа жыл неге кешікті,
Уақыт 12-ден асып кетіпті.

Аяз ата: Жаңа жыл менің қасымда,
Қорықпа апай аптықпа
Жатыр мына қорапта
Шығады қазір асықпа
(Өлең қойылады, қорап ішінен доңыз шығады.)

Доңыз: Сәлеметсіңдерме балалар, мен жаңа доңыз жылымын.
Қайырлы күн, барша туған достарым.
Құтты болсын келген бұл Жаңа жылың!
Доңыз жылы кенеліп шын бақытқа,
Өсе берсін бұл жылда табыстарың.
Балалар мен бүгіннен бастап бір жыл бойы боламын. Ал қазір сендермен бірге ән айтып, би билесем деймін.

Бүлдіршіндердің орындауында хор: «Шырша жыры»

Тәрбиеші: Ал, балалар, тұрмайық.
Аяз атаға арнаған
Такпақтарымызды айтайық.

Айару: Аппак тонға оранып
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Зурум: Акқырауға малынған
Ақша қардай сақалы
Көптен күтіп сағынған
Көрдік Аяз атаны.

Нұржан: Базарлықты баршаға
Әкеліпті ол тағы
Қарасын деп тамсана
Безендірдік шыршаны.

Гульжан: Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Нұрғали: Жаңа жылға сәніміз,
Біздің айтар әніміз.
Келдің бе аман алыстан.
Сәлем, Аяз атамыз

Ажар: Жаңа жылым мол болсын
Басқан кадам оң болсын
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын.

Сандуғаш: Жаңа жылда, балалар
Тек қуаныш көріңдер
Ауырмандар ешқашан
Мықты болу өзіңнен.

Ендігі тамшалайтындарыңыз «Бауырсақ» ертегісі

Тәрбиеші: Бізде балалар орыс тілі сабағы өтеді солай ма? Ендеше орысша үйренген әнімізді, өлең жырларымызды айтайықшы.

Абай: Скоро, скоро, Новый год!
Выбрал папа елочку
Самую пушистую.
Елочка так пахнет
Мама сразу ахнет.

Нурзада: Наша елка высока,
Наша елка велика,
Выше мамы, выше папы,
Достает до потолка.

Дарын: Скоро, скоро, Новый год!
Скоро лес Мороз придет,
Он подарки нам разносит,
И стихи читать нас просит

Сәбина: Здаетвуй, праздничная елка!
Ждали мы тебя весь год!
Мы у елки новогодней
Водим дружный хоровод!

Мұхит: Закружился хоровод,
Льются песня звонко.
Это значит Новый год,
Это значит елка!

Жаркыратып шамдарын
Шырша келді ортаға.

Амина: Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны
Жаңа жыл басталды.
Аяз оны басқарды.

Алишер: Шыршамыз да керемет,
Ойыншықтар тағылған.
Алые жақтан келіп тұр,
Аяз ата сағынған.

Аяз ата: Ой, бәрекелді, балақайлар. Мен сендерге ризамын. Мені сендер сияқты басқада балалар күтуде. Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Келесі жылға дейін көріскенше, аман сау болыңыздар!

Балалар: Сау болыңыздар!

Тәрбиеші: Жаңа жылым төрле бізге нұр болып, Жақсылықтың жаршысы боп, бак болып. «Жаңа жыл» әнімен қыздарымызды ортаға шақырайық.

